

егемен

Алғашқы қауым

Қаллекиліктердің кезекті жеңісі

Қ. Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры 29 қараша мен 6 желтоқсан аралығында Мәскеуде өткен XIII Халықаралық «Золотой витязь» театрлар форумында бас жүлдеге ие болды. Жақында Ресей Федерациясы астанасында өткен театрлардың аламан бәйгесіне Сербия, Болгария, Белоруссия елдері ұжымдарымен қатар Қазақстаннан Қаллеки театры да өз өнерін паш еткен болатын. Комиссия мүшелері бір жыл бедерінде 120-ға жуық қойылымды тамашалап, олардың ішінен 25 спектакльді форумға қатысуға лайықты деп тапты. Міне, сол санаулы театрлардың ішінде елордалық Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры сахналаған «Тыраулап ұшқан тырналар» (Авторы: В.Ежов) лирикалық драмасының болуы мәдени өміріміздегі айтулы оқиғаның бірі саналады. Өйткені, қойылым қазылар алқасының шешімімен «Золотой витязь – 2015» кубогын, яғни Гран-приді жеңіп алды. Соған орай біз спектакльдің қоюшы режиссері, Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі Талғат ТЕМЕНОВТІ әңгімеге тартқан едік.

– Талғат Досымғалиұлы, Мәскеудің бір басында 225-ке таяу театр бар деп айтып отырсыз, сондай мықтылардың уысынан мынадай ірі кубокты олжалаған Қаллеки театрының жеңісі – жалпы, қазақ театрының жеңісі ретінде қабылдануда. Құтты болсын! Бұл фестивальдің басқа халықаралық жобалардан ерекшелігі неде?

– Мұның шын мәніндегі негізгі атауы VI славян форумы деп аталады. Соның бағдарламасына енген «Золотой витязь» театрлар фестивалінің ерекшелігі, бұл шараға бұрын тек славян халықтары ғана қатысып келсе, биыл оған Орталық Азия мемлекеттері арасынан біздің театр тұңғыш рет шақырылып отыр. Белгілі театртанушы Константин Щербаков төрағалық еткен қазылар алқасы құрамында «Золотой витязь» кинофорумының вице-президенті, украиналық Алексей Колесниктің, тележурналист, «АРТИСТ» медиажобасының көркемдік жетекшісі Александр Мягченковтың, сербиялық драматург, продюсер Йован Марковичтің, К.Сарафова атындағы Ұлттық кино және театр академиясының профессоры, болгариялық драматург Маргарит Николовтың, дін қайраткері Леонид Каюровтың болуы, сондай-ақ қатысушыларға фестивальдің құрылтайшылары, демалушылары атынан Ресей президенті Владимир Путиннің, сондай-ақ Орысправослав шіркеуінің патриархы Кириллдің, Ресей Кинематографистер одағының төрағасы Никита Михалковтың, «Золотой витязь» халықаралық кинофорумының президенті Николай Бурляевтың, тағы басқалардың арнайы құттықтау хат жолдауы Олег Табаковтан бастап орыстың белгілі театр және кино актерлері Зинаида Кириенко, Алексей Петренко, Николай Губенколар т.т. алтын дипломмен марапатталған фестивальдің халықаралық сипаты мен мәртебесін барынша аша түскені рас. Спектакльдер Мәскеудің бірнеше сахнасында қатар өтіп жатты. Қазылар алқасы бәріне үлгеруге тырысып, зыр

жүгірді. Өкінішке қарай, біздің оларға түгел қатысуға уақытымыз да, мүмкіндігіміз де болмады. Фестиваль күндері бір минут бос уақыт таппадық.

– Сіздерді қай театр қарсы алды?

– Спектакльдер шамамен оншақты театрдың сахнасында қойылса керек. Тіпті, кей театрларда қатарынан екі спектакльдің өтуі осыған мұндағы халықтың әбден еттерінің үйреніп кеткендігін көрсетті. Мұндай үлкен додаға алғаш рет куә болып отырмын. Декорациямызды өзіміздің көлігімізбен алып бардық. 30 қарашада «Тыраулап ұшқан тыр налар» спектаклі Проханов жетекшілік ететін «Театр Луны» сахнасында көңілдегідей ойналды. Мәскеудің ең айтулы театрларының бірін басы бүтін билеп-төстеуімізге толықтай мүмкіндік туғызған олардың қонақжай көңілі үшін қатты ризамыз. Дүйсенбі күні атбасын тірегенімізге қарамастан театрдың контролеріне дейін есіктің алдында басын иіп тұрды. Бізге аяқтарынан тік тұрып қызмет көрсетті. –

Ал спектакльді мәскеуліктер қалай қабылдады?

– Пьесаны қазақ тіліне белгілі театр сыншысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Әшірбек Сығай аударған болатын. Қазақ солдаты Пернебек Боранбаев пен неміс қызы Инганың арасындағы сүйіспеншілік пен асқақ сезімді баяндайтын спектакльді фестивальге таңдаудағы себеп – екінші дүниежүзілік соғыстың жарасы әлі толық жазылып біткен жоқ. Өйткені, бұл адам шығыны жағынан тарихтағы ең сұмдық қасірет десек, ал дерек бойынша, 27 млн. 090 мың жауынгердің ғұмырын жалмаған алапат майданнан тыс бейбіт тұрғындарды қоса есептегенде, бұл соғыс мұнан да қисапсыз жанның өмірін қиды. Осының негізінде елімізде көптеген тарихи құнды еңбектер жарық көрді, қаншама әдеби-көркем шығармалар дүниеге келді. Ал, спектакльге келсек, адам бойындағы бір-біріне кереғар қасиеттер: махаббат пен жауыздық, адамгершілік пен қатыгездік, өшпенділік пен Отанға деген сүйіспеншілік арқылы адамзат баласына ортақ сыр ортаға салынады. Партер, бельэтажға дейін адам сыймай кетті. Және сол күні біздің актерлер керемет шабытпен арқаланып ойнады. Өздерін емін-еркін ұстап жүрді. Қазақстаннан барған әртістердің фойедегі концертіне жұрт жан-жақтан жұмыла жиналды. Орысша шырқалған әндер ешкімді бейжай қалдырмады. Олардың өздері бұрын-соңды бастан кешпеген тәтті әсерге бөленгенін көрдік. Спектакль жүріп жатқанда жұрт қайта-қайта қол соғып, қолпаштағаны желпіндіріп жіберді. Мәскеудің өзінен осалдарға негізі бұлай қошамет көрсетуі екіталай, ендеше біздің өнеріміз олар үшін тосын сый болғаны рас. Кей тұста, мысалы, Тілектес Мейрамов ойнап тұрғанда демдерін іштеріне жұтып, майдан туралы әндерге халық қатты қызықты. Осының бәрі театрдың ішкі өз мәдениеті қалыптасқанын аңғартты.

– Театрдан кімдер ерекше марапатқа ие болды?

– Қазақстандағы театр өнерінің тарихы әрі кетсе 100 жыл болар, ал Мәскеудегі театр өнерінің тарихы одан да ұзақ мерзімді қамтуына қарағанда, мұндағы халықты болмашы жылтырақпен таңғалдыру, бөлек сезімге бөлеу өте қиын. Мұнда әлем көз тігетін Үлкен, Кіші театрлар, тамыры тереңде жатқан Вахтангов атындағы театр және бар. Бәрінің құрылғанына 100 жылдан асып кеткен. Кіші театрдың негізі осыдан 150 жыл бұрын қаланған. Мұнда атақты актриса Александра Яблочкина өзінің бүкіл саналы ғұмырын өткізген. Олардың өнер жолы бүгінде осы салада тер төгіп жүрген өнерпаздардың бәріне үлкен мектеп... Мәскеудің бір өзінде іріліусағын, жекеменшігін қоса есептегенде 225 театр бар. Яғни, бұл жағынан Ресей жүрегін жаулап алу кез келген театрдың маңдайына жазыла бермейтін бақ. Бірақ соған қарамастан Дондағы Ростов театры «Тихий Дон» спектаклі үшін кіші бас жүлдені, ал біздің ұжым үлкен бас жүлдені қанжығасына байлады. Театрлар фестивалінің жабылу рәсімі Кіші театрда 5 желтоқсанда, ал марапаттау салтанаты 6 желтоқсанда бес мың адам сиятын «храм Христа Спасителя» кафедральды соборындағы үлкен концерттік залда өтті. Бізді мұнда халықтың барынша дайындалып, өте жарасымды сән-салтанатпен келуге тырысып-бағатыны қызықтырды. Осы үрдіс әбден тұрақты дәстүрге айналма бастаған. Сахнада өнер көрсетушілердің санының өзі мұнда 200-ден асып жығылды.

– Әсіресе, осы сапар жайында Ресей басылымдары айрықша жылы лебіз білдірген жоқ па?

– Мысалы, кеше ғана маған құттықтау хат келді. Мәскеуден. «Литературная газетаның» соңғы нөмірінде біз туралы көлемді «Честь имею» деген мақала жарық көріпті. Фестиваль туралы автор өз ойын спектакльдегі полковник Лукьяновтың сөзімен түйіндейді. «Честь имею» дейді. Осы бір ауыз сөзге өнердің барлық мағынасы сыйып кетіп тұрған сияқты. Фестивальдің ұйымдастырушысы, Ресей халық әртісі Николай Бурляев: «Сіздердің өнерлеріңіз Лукьяновша айтқанда, «Честь имею» деген құрметке әбден лайық болды» деді. Әрине, барынша аяғынан тік тұрған, қай жағынан алсаң да қалыптасқан қазіргі Ресейдің театр қайраткерлері жағалай жағымпаздық танытатындай ешкімге мұқтаж да, ешнәрсеге зәру де емес. Орыс халқының отансүйгіштігі мен патриотизмі ерекше рухқа ие. «Біз орыспыз», «Отанға қызмет етеміз» дейтін ұрандар атойлайды қандарында. Ал енді осындай сезімдегі халықтың ыстық ықыласына бөлену оңай ма? Сондықтан біздің театрдың алдында орыс театрының бас киімін шешіп, сәлем беруі біз үшін зор қуаныш. Ең соңында сахнаға көтеріліп бара жатқанда: «Рас па, өтірік пе?» деген екіұдай ой құшағында толқыдым. Бүгінгі қазақ театрының, қазақ спектаклінің орыс материалындағы ойыны көңіл төрінен орын тепті. Қазылар алқасы мүшелерінің бәрінің ойы мен таңдауының бізге түскені тәнті етті. Бұл спектакльдің ерекшелігі – Валентин Ежовтағы басты кейіпкер Петр Бородинді менің өзгертіп, Пернебек Боранбаев етіп қазақыландырғаным олардың сүйіспеншілігіне кері әсерін тигізе қойған жоқ. Мұнда: «Қарағандыны сағындым. Туған жерімді

сағындым. Шайтанкөлдi сағындым» дейтiн, Қасым Аманжоловтың өлеңiнен бастау алатын әсерлi жолдар бар. Ежов мәтiнiнде жоқ тағы да бiраз өз тарапымыздан алып-қосқандарымыз жеткiлiктi, бiрақ оған обалы не керек, сарапшылар шүйлiгiп, «шығармаға қиянат келтiрiпсiздер» деп қарсы пiкiр айта қоймады. Соғыс туралы орыс әндерi топтамасын бiздiң әртістер шырқағанда залдағы көрермен орындарынан тiк тұрды. Алқа Төрағасы, Ресейдiң еңбек сiңiрген қайраткерi Константин Щербаков: «Қазақ театры бүгiнгi күнi үлкен биiкке көтерiлдi» дедi. «Сергей Соловьевтiң шәкiртi, Роллан Быковтың өкiл баласындай болған Әзiрбайжан Мәмбетовтiң жолын жалғастырушы, сахнада тұрған мына кiсi... » деп менi айрықша таныстыруы қандай құрмет. Мұнда және жай қатысқандары үшiн дипломға ие болғандар көздерiне жас алып, ерекше толқыды. Қола, күмiс, алтын дипломдар табысталды. Сол алты дипломның өзi көп болған жоқ. Соның iшiндегi алты дипломның үшеуiн бiзден Әбiлмансұр Серiков – Пернебек рөлi, Ақмарал Танабаева Инга бейнесiн сомдағаны, ал Қазақстанның халық әртiсi Тiлектес Мейрамов полковник Лукьяновты ойнағаны үшiн алды. Және солардың бәрiн залдағылар сүйiспеншiлiкпен қабылдады. Өзiм мұны бiздiң театрдың ғана емес, жалпы қазақ театр өнерiнiң үлкен қуанышы деп ойлаймын. Театр сыншысы Олег Пивоваров: «...Осыншама халықтың жүрегiн жаулап, ықылас-пейiлiне бөлену, қазылар алқасының бәрiнiң басын игiзу, бұл – кез келгеннiң қолынан келмейтiн дүние» дедi.

– Спектакльдi қай тiлде ұсындыңыздар? – Бiз қазақ тiлiнде ойнадық, бiрақ залда синхронды аударма жүрiп отырды.

– ТМД елдерiнен кiмдер қатысты? – Белоруссиядан театр қатысты... Кезiнде кеңес көрермендерiне «Война и мир» киноэпопеясы арқылы танымал болған Наталья Бондарчук (Атақты режиссер С.Бондарчуктың қызы) отыз жылдан берi Мәскеуде бiр театрды басқарады екен. Н.Бондарчук сахнаға шығып: «Мен алғаш рет мынадай жоғары марапатқа ие болғаным сондай қуаныштымын. Рахмет!» деп көзiне жас алғанда, расында әжептәуір ойланып қалдық. Мәскеудiң бiр басында осыншама театр орын тепсе, соның бәрi оған қатыса алмайды, олар iрiктеледi екен. Лайықты деп табылғаны ғана жолдамаға қол жеткiзедi. Ал, ендi iрiктеуден өткеннен кейiн, қатысқаны үшiн ғана диплом алғанын осыншалық мәртебе санаған мынадай нағыз өнер тарланына не дейсiз? Таңғаласыз ба, жоқ па? Николай Бурляев бiздiң Елбасымызға ерекше көңiлiн бiлдiрдi, ол кiсiмен бiрге ән салғанын мақтанышпен алға тартты. Көзiмнiң анық жеткенi, мәскеулiк актерден, режиссерден: «Нұрсұлтан Назарбаев сияқты басшыларыңыз бар, сiздер қандай бақытты жансыздар» деген лебiздi естiмiз үнеми. –Театрдан қанша адам қатыстыңыздар? –35 адам бардық. Бұл ретте Астана қалалық әкiмдiгiне, мәдениет басқармасына алғысымыз шексiз. Егер олар бiзге қаржылай қолдау көрсетпегенде, бағдарламаға жазылғанмен жолымыз түспес едi. Мысалы, Грузия осыдан екi жыл бұрын жүлдеге ие болыпты, бiрақ осы жолы олар қаржы дағдарысына байланысты қатыса алмай қалды. Әйтпесе, Тбилиси театры келедi деп күтiлiптi. ...«Золотой витязь» тек театр саласы бойынша

ғана емес, сонымен қатар кино, бейнелеу өнері, әдебиет саласын қатар қамтиды. Болгарияда, Хорватияда, Уфада, Самарада өткізіліп жататын бұл форумның ауқымы өте кең әрі тұрақты дәстүрге айналған.

– Мәскеуде қанша күн болдыңыздар?

– Мен осының алдында «Звездная маска» театрлар фес тиваліне қазылар алқасының мүшесі ретінде қатыстым. Онда Ресейдің түкпір-түкпірінен келген театрлар өнер көрсетті. Отызға тарта спектакль сарапқа салынды. Кей күндері қатарынан үш спектакльді тамашалауға тура келді. Бұл таза ресейлік театрлар қатысатын жоба. Өйткені, әңгіменің басында айтып өткенімдей, мұнда театрлардың көптігінен аяқ алып жүре алмайсыз. Шамамен Ресейде мыңға жуық театр бар. Қорғаныс министрлігі ұйымдастырған бұл шара Ұлы Жеңіске арналды. Ресей Армиясы театрының сахнасының үлкендігі сондай, мұндағы спектакльдерге кәдімгі танкілер шығарылады. Содан-ақ, әлеуетін байқай беріңіз. Оның 1450 орындық залы бар. Бұл соғыстың алдында салынған театр. Өзі Суворов алаңында орналасқан. Екі залында спектакльдер кезектесіп өтіп отырды. Білесіз бе, әйгілі актер Владимир Зельдин жасы 100-ден асқанына қарамастан әлі күнге дейін осы ұжымда өнер көрсетіп жүр. Ғажап емес пе?

– Алдағы жоспарларыңыз қандай?

– Мәскеуде тұратын қандасымыз Олжас Жанайдаровтың «Жұт» спектаклін Башқұртстаннан келген Айрат Абулшахманов қоюда. Жаңа жылға дейін бітуі керек. Тағы бір премьерә – Жабал Ерғалиевтің «Есігімді қаққан кім?» туындысы лаңкестікке, зорлық-зомбылыққа қарсы, түрлі діни ағымдардың жетегіне еріп кетіп жатқан жастарымыздың проблемасына арналған қойылым. Мұнымен қоса балалар үшін тың дүниелерімізді ұсынамыз. Сонымен, жыл аяғына дейін 4 жаңа қойылым әзірленуде. Алда мұнан да басқа жоспарларымыз көп. 25 жылдығымызды лайықты атап өтуіміз керек. Өзекеңнің, Әзірбайжан Мәмбетов шығармашылығына арнап халықаралық фестиваль өткізсек пе деген ойдамыз. Оған Мәскеуден театр ұжымдарын қатыстыру жоспарымызда бар.

Қарашаш ТОҚСАНБАЙ, «Егемен Қазақстан»